

Для выведения АО КТГ из состава АО НК КМГ необходимо получить согласие кредиторов

«Біз өндірістегі қызметкерлерді қысқартпаймыз» – Алик Айдарбаев

Они не терпели несправедливость

Балалардың жазғы демалысын қалай ұйымдастырған тиімді?

2

3

8

9

Ембі ТЫНЫСЫ

№11 (51)
маусым
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР! ҚАДІРЛІ ЭКОЛОГТАР!

Сіздерді 5-маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнімен құттықтаймын!



Бүгінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың жұмысында экология саласына үлкен мән берілуде. Еліміздің мұнай-газ саласында қызмет етіп жатқан барлық компаниялардың алдында тұрған ортақ міндет – өнім өндіру барысында қоршаған ортаға залал келтірмей, экологиялық талаптарды қатаң сақтау. Өндіріске жоғары деңгейлі технологияны енгізу арқылы кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа зиянды әсерді барынша болдырмау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

Атырау өңіріндегі жер қойнауын пайдаланушы ірі компаниялардың бірі ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ заман талабына сай экологиялық жағдайды жоғары деңгейге көтеру мақсатында көптеген іс-шараларды қолға алып отыр.

Компанияға қарасты мұнай-газ кен алаңдарына өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру жолында қолға алынған жұмыстар бүгінгі таңда өздерінің жақсы нәтижелерін көрсетуде.

Өндіріс барысында экологиялық талаптарды сақтау мақсатында жаңа жобаларға жол ашып жатырмыз. Нақтыласам, Ембі өндіріс алаңдарында қоршаған ортаға тасталар зиянды қалдықтардың көлемін азайту үшін қазақстандық ғалымдармен бірлесе жұмыс істеп, бүгінде біздің кен алаңдарымызда зерттеу жұмыстары кең қарқынмен жүріп жатыр. Зерттеу жұмыстары толығымен аяқталған соң, өндірістің тынысы кеңейері даусыз.

Уақытпен бірге талап та өзгереді. Біз заман ағымынан қалмай, өндіріске тың жаңалықтар мен өзгерістер енгізу арқылы өркениет көшіндегі компания болуды мақсат етеміз.

Компанияның өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін!

**Құрметпен,
Есен ҚАЙЫРЖАН,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.**

Для вывода АО «КазТрансГаз» из состава АО НК «КазМунайГаз» необходимо получить согласие кредиторов

Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев предложил напрямую переподчинить АО «КазТрансГаз» Фонду «Самрук-Қазына». Данное предложение было озвучено на очередном заседании Совета по управлению Фондом «Самрук-Қазына» под председательством Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева.



В ходе своего выступления глава КМГ отметил, что за годы независимости в стране была создана мощная транспортная инфраструктура по нефти и газу.

- В период развития инфраструктуры, нахождение АО «КазТрансГаз» и АО «КазТрансОйл» в составе КазМунайГаза было полностью оправданным. Необходимо было сосредоточить все ресурсы в единый центр для развития диверсифицированной сети транспортных маршрутов. К настоящему моменту все эти работы практически завершены и указанные две компании уже стали самодостаточными. В этой связи, предлагается на первоначальном этапе переподчинить компанию «КазТрансГаз» напрямую в Фонд «Самрук-Қазына». Это позволит сократить уровни управления, сохранить инфраструктурные проекты у государства, в случае выхода КМГ на IPO, а самому КМГ

сосредоточиться на разведке, добыче и переработке нефти и газа, проектах нефтегазохимии, – сказал Алик Айдарбаев.

Указанное предложение поддержано Нурсултаном Назарбаевым, который поручил проработать данный вопрос.

В настоящее время КМГ приступил к выполнению поручения в отношении АО «КазТрансГаз». Необходимо получить соответствующее согласие государственных органов, а также одобрение советов директоров Фонда «Самрук-Қазына» и КМГ.

Также будут проведены переговоры с другими заинтересованными сторонами, с которыми у КМГ есть договорные отношения. Будет проведена работа с кредиторами, в том числе держателями Еврооблигаций КМГ, для разъяснения сделки, причин ее осуществления и получения их согласия. Решения по структуре сделки будут приниматься с учетом их интересов, а также влияния на кредитные рейтинги КМГ.

Вопрос в отношении АО «КазТрансОйл» будет рассматриваться дополнительно на более позднем этапе.



КМГ выплатит акционерам 81,7 млрд тенге дивидендов за 2019 год

22 мая 2020 года Совет Директоров АО НК «КазМунайГаз» одобрил выплату дивидендов по итогам 2019 года в размере 81,7 млрд тенге, что примерно в два раза больше, чем годом ранее.

Решение о выплате дивидендов принято в соответствии с дивидендной политикой и согласовано с основным акционером Компании с учетом поручений Главы государства. Совет Директоров дополнительно принял во внимание текущее финансовое состояние КМГ, прогноз денежных потоков, влияние на международные кредитные рейтинги, проводимую работу по сохранению рабочих мест, а также запланированные ин-

вестиции, осуществляемые в интересах государства. Согласно аудированной финансовой отчетности по итогам 2019 года КМГ кроме выплаты дивидендов направил акционерам 20 млрд тенге, включая средства для строительства социальных объектов в городах Нур-Султан и Туркестан.

Необходимо отметить, что доходы от своей деятельности Компания направляет также и на обслуживание внешних обязательств, сумма погашений которых в 2019 году составила около 997 млрд тенге (2,6 млрд долларов).

«Біз өндірістегі қызметкерлерді қысқартпаймыз» – Алик Айдарбаев

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев жұмыс сапарымен Атырау және Маңғыстау облыстарына барды.

Сапар барысында Алик Айдарбаев қос өңірдің басшыларымен кездесті. Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетовпен COVID-19 індетінің таралуына байланысты Теңіз кен орнындағы жағдай талқыланды. Ал, Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Трұмовпен кездесуде Компанияның өндіруші кәсіпорындарындағы вахталық ауысымды ұйымдастыру мәселелері қаралды. **(Атырау облысына сапары туралы толығырақ 4-бетте, - ред.)**



ҚМГ басшысы жұмыс сапары барысында еншілес кәсіпорындар, сервистік компаниялар басшылары және кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен де жиналыс өткізді. Өз сөзінде Алик Айдарбаев індеттің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралардың арқасында кен орындардағы жағдай тұрақты екенін атап өтті. Сонымен қатар, өндіріс орындарында алдын алу шараларын әрі қарай қатаң сақтауды тапсырды.

- Коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау бойынша жұмысты жалғастырып, алдын алу шараларын қатаң сақтау маңызды. Бұл – барлық деңгейдегі басшыларға жауапкершілік жүктейді, – деді Алик Айдарбаев.

ҚМГ басшысы Компанияның қаржылық жай-күйіне де тоқталып кетті. Нарықтық жағдайдың теріс әсерін азайту үшін ҚМГ дағдарысқа қарсы бағдарламаның тұжырымдамасын әзірледі.

- Қазір жағдай күрделі. Компанияны сақтап қалу үшін тиімді шаралар қабылдау қажет. Біз қаржылық жағдайды тұрақтандыруға, шығынды төмендеген кіріске сәйкес келтіруге және дағдарыстан кейінгі кезеңге дайындыққа бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарламаның тұжырымдамасын әзірледік, – деп атап өтті ҚМГ басшысы.

Дағдарысқа қарсы іске асырылып жатқан шаралар аясында барлық компаниялар тобы бойынша шығын 146 млрд теңгеге қысқартылды. Орталық аппараттың ұйымдық құрылымы қайта қаралып, қызметкерлер саны 34%-ға оңтайландырылды. Топ-менеджерлердің жалақысы 30%-ға, орта буын басшыларының жалақысы 20%-ға қысқарды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін барлық сыйақы мен бонустар алынып

тасталды. Дегенмен, қатардағы қызметкерлердің жалақысы бұрынғы деңгейде сақталды. Бұған қоса Орталық аппаратта басшыларға арналған қызметтік көлікпен бас тартылды.

- Еншілес ұйымдар туралы айтатын болсақ, өндіріс пен қызметкерлерді жұмыспен қамтуына қатысы жоқ барлық шығындар қысқартылды. Жағдайға қарай тағы қандай шығындарды азайтуға болатынын алдағы уақытта көре жатармыз. Өндірістегі қызметкерлерді қысқарту жоспарымызда жоқ. Басты міндетіміз – жұмыс орындарын сақтап қалу. Бірлесе отырып, қиындықты еңсеретінімізге сенімдімін, – деді Алик Айдарбаев.

ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев еншілес кәсіпорындардың басшыларына жолдаған үндеуінде қуат көздеріне сұраныстың және мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі Компанияға қалай әсер ететінін айтып берді. Оның айтуынша, жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ қаржылық көрсеткіштері едәуір төмендейді деп күтіледі. Бұдан басқа, ОПЕК+ келісімі аясында Компания өндірісті азайтады, бұл мердігерлік ұйымдардың тиісті жұмыс көлемінің азаюына әкеледі.

Сондықтан, еншілес және сервистік компаниялардың басшылары қалған жұмыс көлемін жыл соңына дейін тиімді үлестірулері қажет. Мүмкін жұмыс кестесін өзгертуге тура келеді. Осы мәселені жергілікті деңгейде әлі де мұқият пысықтауымыз керек. Бірақ, тағы да қайталап айтамын, барлық өндірістік қызметкерлердің жұмыс орындары сақталуы тиіс, – деп тапсырды ҚМГ басшысы.



Атырау облысына сапары барысында ҚМГ басшысы біріктірілген газ-химиялық кешені құрылысының барысымен де танысты. Қазіргі кезде жобаның дайындығы 66%-ды құрайды. Жалпы құрылыс жұмыстары аяқталып қалды. Сыйымдылық және жылу алмастыру жабдығының, металл конструкциялардың және құбырлардың монтажы жүргізілуде. Алдағы кезеңде күрделі технологиялық жабдықтың құбырларын жинақтау, монтаждау және бекіту жұмыстарын бастау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Алик Айдарбаев Атырау өзен портына барып, онда Оңтүстік Кореяда жасалған аса маңызды өте ауқымды жабдықтың теңіз көлігімен жеткізу барысымен танысты.

ҚМГ 2020 жылғы I тоқсандағы қаржылық нәтижелері

ҚМГ тәуелсіз аудитордың аралық қаржы ақпаратын ауқымды тексерудің қорытындысы туралы есеппен бірге «Аралық қаржы есептілігі» 34-ші халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес әзірленген 2020 жылғы I тоқсанның қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жариялады.

2020 жылғы бірінші тоқсандағы негізгі қаржылық көрсеткіштері:

- EBITDA көрсеткіші 2019 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 43,7%-ға төмендеп, 275 млрд теңгені (702 млн АҚШ доллары) құрады;
- Бос ақша ағыны 26 млрд теңгені (66 млн АҚШ доллары) құрады;
- 2020 жылғы 31 наурызда Компанияның таза қарызы 6 185 млн АҚШ долларын құрап, 2019 жылдың соңында 6 171 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда еш өзгеріссіз қалды деуге болады.

	2020 ж.1-т.	2019 ж.1-т.
Мұнай, Brent dated (\$/барр)	50,10	63,13
Орташа бағам (теңге/ АҚШ долл.)	391,72	378,04
Түсім (млрд теңге)	1 376	1 765
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлесі (млрд теңге)	65	219
Таза пайда (млрд теңге)	70	309

2020 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер:


- Мұнай мен газ конденсатын өндіру деңгейі 5 929 мың тоннаны құрап, 2019 жылғы бірінші тоқсандағы деңгеймен шамалас болды;
- Мұнай мен газ тасымалдау сегменті салыстырмалы түрде тұрақты, 18 517 мың тонна мұнай мен 28 320 млн м³ газды құрады;
- Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,9%-ға азайып, 4 660 мың тоннаны құрады.

ЕМГ-нің 2019 жылғы қаржылық нәтижелері

ЕМГ халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) бойынша 2019 жылғы қаржылық нәтижелерін жариялады.

2019 жылы сатып алушылармен келісімшарттар бойынша кірістер **450.944.713 мың** теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 18 694 970 мың теңгеге артып отыр.

Ал, операциялық табыс **133.976.165 мың** теңгеге жетті. Алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 92.434.382 мың теңге еді.



Аймақ жаңалықтары

Карантин аяқталды, бірақ, сақтық шаралары сақталады

Облыстың бас санитарлық дәрігерінің Қаулысына сәйкес 1 маусымнан бастап Атырауда карантин режимі тоқтатылды. Алайда, шектеу шаралары сақталатын болады. Қала ұйымдарының толыққанды жұмысы штатты режимде қайта қалпына келтірілуде. 1 маусым сағат 00:00-ден бастап қалада ауданаралық блок-бекеттер мен кедергілер алынып тасталды. Соған қарамастан, КВИ таралу ошақтары бар елді мекендердегі кедергілер сақталуда. 3 маусымда қалада ірі базарлар мен азық-түліктік емес дүкендер жұмыс істей бастады. Атырау облысының бас дәрігерінің бұйрығымен жергілікті мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырмалар берілді.

05.06.2020 ж. мәлімет бойынша Атырау облысында инфекцияны жұқтырған 1185 адам тіркелген. Соңғы 24 сағат ішінде облыста КВИ-мен ауыратын 10 жаңа науқас тіркеліп, Атырау аймағында 637 адам коронавирустан айыққан. Өкінішке орай, 2 адам вирустан көз жұмды.

Алик Айдарбаев: «Компания қызметкерлердің денсаулығы мен әлеуметтік жағдайына басымдық береді»

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев іс сапармен «Ембімұнайгаз» АҚ-да болды. Атырау облысындағы ҚМГ еншілес мекемелерінің басшылары қатысқан жиналыста дағдарысқа қарсы дайындалған бағдарлама барысы мен аймақтағы өндіріс мамандарының жұмыс орнын сақтау туралы өзекті жәйттар талқыланды. Сапар барысында ҚМГ басшысымен Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Ж.Марабаев, Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары Д.Тиесов және HR-директор Д.Хасановтар бірге еріп жүрді.

ҚМГ басшысы атап өткендей, бүгінгі таңда компания өз қызметкерлерінің денсаулығы мен әлеуметтік жағдайына басымдық беруде. Барлық кәсіпорындарда санитарлық режим күшейтіліп, жекелеген мамандар дистанциондық жұмыс тәртібіне жіберілді. Вахта уақыты ұзартылып, ауысым қысқартылды және өзге де сақтандыру шаралары назарда ұсталынды.

- Өкінішке орай, ҚМГ еншілес және мердігер мекемелерінің мамандары арасынан дертке шалдыққандар болды. Жалпы, жағдай бақылауда, жергілікті органдармен тығыз байланыста отырымыз, - деп атап өтті А.Айдарбаев.

Бұдан әрі, ҚМГ басшысы дағдарыс кезіндегі компанияның экономикалық жағдайына тоқталды.

- Дағдарыс елге, барлық саланың дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Соның ішінде, мұнай бағасының құлдырауынан мұнай-газ өндірісі көбірек қиындықтарға тап болуда. Тіпті жеткізушілер сатып алушыларға мұнайды шығару үшін үстемесі төлейтіндей бұрын соңды болмаған жағдайлар орын алды. Бүгінгі нарықтың жағдайы ҚМГ жұмысына кері әсерін тигізіп отыр. Біздің жобалауымызша, табысымыз 10 есеге: 2019 жылғы 1 триллионнан биылғы жылдың қорытындысы бойынша 120 миллиардқа азаймақ. Бұл нені білдіреді? Табысымызды еншілес кәсіпорындарымыздың қызметін субсидиялауға жұмсайтын боламыз. Сонымен қатар, бүгінде ҚМГ-ның 10 млрд доллардан астам қарызы бар. Кезінде біз үлкен инвестициялық жобаларды: Қашағанның үлесін сатып алуға, мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға, газ құбырларының құрылысына көп қаражат алған болатынбыз. Бұл - ел игілігі үшін қажетті жобалар. Бірақ, қарызды да қайтаруымыз керек. Сондықтан, бұл мәселе өте өзекті. Мұндай жағдайда тиімді шешім қабылдау аса маңызды.

Осыған орай, дереу жұмысты қайта құрып, дағдарысқа қарсы бағдарламаның тұжырымдамасын қабылдау қажет болды. Аталған тұжырымдама үш мақсатты көздейді:

Бірінші, тығырықтан жол табу; **Екінші**, шығындарымызды табыспен сәйкестендіру; **Үшінші**, ертеңгі күнді ойлау, яғни, посткризистік кезеңде жұмысты тиімді құру. Міне, осы үш бағыт бойынша жұмыс істеуіміз керек, - деп атап өтті А.Айдарбаев өз сөзінде.

ҚМГ басшысы БиПи, Шелл, Тоталь, Эксон Мобил сияқты ірі компаниялардың өз шығындарын 146 млрд теңгеге қысқартқанын, соның ішінде, күрделі шығындарды 103 млрд теңгеге, операциялық шығындарды - 26 млрд теңгеге, әкімшілік шығындарды - 17

млрд теңгеге азайтқанын атап өтті.

- Біз корпоративтік орталық жұмысын қайта құрдық. Орталық мобильді, шағын болып, жедел әрі тиімді шешімдер қабылдай



білуі тиіс. Ұйымдастыру құрылымын қайта қарадық. Бұған дейін болған 22 басқарушы директоры штаты қысқарды. 60 департаменттің орнына 20-сы қалды. Компания басшыларының табыстары 50 және одан да көп пайызға азайды, - деп атап өтті ҚМГ басшысы.

А.Айдарбаевтың сөзінше, еншілес мекемелердің өндіріске және қызметкерлердің қамтылуына қатысты емес шығындар қысқартылды.

- Жұмыс орнын сақтау – біздің басты мақсатымыз. Өздеріңіз білесіздер, ОПЕК+ келісімшартына байланысты өнім көлемін қысқарттық, бұл жұмыс режимін өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін. Осыған орай, кей жерлерде жұмыс уақытын қысқартуымыз әбден мүмкін. Бірақ, қайталап айтамын, өндіріс мамандары қысқартылмайды, - деп Ұлттық компанияның басшысы мұнайшыларды бірлесе еңбек етуше шақырды.

Жиналыс барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан, «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Шухрат Донбай және дистанционды түрде «КРІ» ЖШС Басқарма төрағасы Мұратжан Мұсайбеков қолға алынған шараларға тоқталып өтті.

Сонымен қатар, ҚМГ басшысы Атырау облысындағы сапары барысында «Теңізшевройл» ЖШС басшылығымен кездесті. 31-мамыр күні ҚМГ делегациясының жұмыс сапары Ақтау қаласында жалғасты.

**Сәлима АБИТОВА, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы:
«МАҚСАТЫМЫЗ - ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯНДЫ ӘСЕРДІ МЕЙЛІНШЕ АЗАЙТУ»**

- Компания үшін қоршаған ортаға зиян келтірмеу мақсатында батыл қолға алынған шараның бірі - мұнаймен ластанған тарихи жерлерді тазарту.

- ҚР Үкіметі алдында тарихи ластанған жерлерді 2024 жылға дейін толығымен жоямыз деген міндеттеме алдық. Бұл орайда компанияда 5 жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарды іске асыру аясында 2022 жылға дейін Компания таулы учаскелеріндегі тарихи ластануды биоремедиация әдісімен, яғни, қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмай толығымен аяқтауды жоспарлап отыр. Жалпы, 2012 ж. компания АҚ болып қайта құрылған кезеңнен бастап тарихи ластанған жерлерді тазарту өзекті жәйттің бірі саналып келеді. Бүгінгі таңға дейін жалпы тазартылған жер аумағы 166,2973 га, ал, қалғаны 77,9738 га жер аумағын құрап отыр. Қайталап айтамын, Үкімет алдында алған міндеттемемізді орындаймыз, 2023 жылға мұнаймен ластанған тарихи жерлерсіз аяқ басамыз.

- Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың қызу талқысында жүрген құжаттың бірі – елдегі жаңа экологиялық кодекстің жобасы. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Үкіметтің отырысында жаңа экологиялық кодекстің жобасын ұсынды. Бұл мұнай өндіруші компанияларға тиімсіз деп дабыл қағып жатырмыз.



- Экологиялық кодексті жаңарту – заман талабы. Алайда, «Ластаушы төлейді және өзі түзейді» деген қағидамен жасалған бұл жоба бізге әзірге тиімсіз. Әрине, экологиялық талаптарды сақтау мақсатында қолға алынған құжат екенін жақсы түсінеміз. Жоба мүлдем іске қосылмасын деген ойдан аулақпыз. Бұл жоба еуропалық елдерде кең қолданыста. Қоршаған ортаға тасталар қалдық айтарлықтай азаятыны даусыз. Қазақстандық компаниялар жобада көрсетілген қатаң талаптарға әзірге дайын емес. Мұнай өндіруші компаниялар Үкіметке осыны алға тартып, жобаны қабылдауды кейінге қалдыруға мұрсат сұрап жатырмыз.

Осыған орай, ҚМГ тарапынан жұмыс тобы құрылды. Ембілік мамандар жұмыс тобына кірдік. Ең алдымен, белсене кіріскеніміз ұлттық компанияның еншілес кәсіпорындарын «топ 50» топтан шығарып алуды көздедік. Жұмыс тобының алғашқы отырысында «Ембімұнайгаз» бен «Маңғыстаумұнайгаз» компаниялары аталмыш топтан шығарылды. Кейін «Өзенмұнайгаз» бен «Қаражанбасмұнай» АҚ да «топ 50» шығарып алуға қол жеткіздік. Мұның өзі - біраз маңдай термен келген жұ-

мыс. Енді экологиялық кодексте көрсетілген қатаң талаптар қазіргі экономикалық жағдай қиын кезде көптеген мекемелерге ауыртпалық тудыратынын дәлелдеп, кодексті қабылдауды кейінге қалдыруға жұмыстанамыз.

- Ембі өндіріс алаңдарының экологиялық жағдайы бойынша кезегін күткен тағы қандай шараларға тоқталасыз?

- Соңғы жылдары «Жылыоймұнайгаз» бен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ кейбір кен алаңдарын топырақ басып қалу көрінісі орын алып отыр. Мамандар қолдарына күрек алып, қарапайым әдіспен кеніштерді топырақтан босату жолдарымен айналысуда. 2018 жылдан бастап топырақ басып қалуының себептерін анықтау қолға алынып, бүгінде зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. 2020 жыл соңына таман зерттеу жұмыстарының толық аяқталады деп күтілуде. Біз нақты құжатты қолға алған соң, топырақ басып қалу жәйінен құтылу жұмыстарын бастаймыз.

Сонымен қатар, ЕМГ мен «Мұнай және су жылыту пештерінен шыққан газдарды залалсыздандыру үшін сүзгілерді пилоттық сынау жұмыстарын сатып алу туралы» жасалған келісім бойынша бүгінгі таңда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндіріс алаңдарында сынақ жұмыстары жүруде. Бұл жұмысқа тартылған қазақстандық ғалымдар мұнай мен суды ысыту пештерінің жұмыстарынан ауа атмосферасына тасталатын қалдықтың көлемін азайту жолында зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі жақсы болды деген үміттеміз. Өндірістегі пештерден шығатын қалдық көлемінің айтарлықтай азаюына қол жеткіземіз деп отырмыз.

- Бүгінде өндірісте пайдаланылатын суды ысырапқа салмау жәйіне қысқаша тоқтала кетсек.

- 2018 жылы Солтүстік Қотыртас кен алаңынан Шығыс Мақат кен алаңына дейін 58 шақырымдық су жүйесінің құрылысы басталды. Солтүстік Қотыртас кен алаңында орналасқан арнайы қондырғыда жерасты сулары тұщытылып, осы коллектор арқылы Шығыс Мақат кенішіне келеді. Тәулігіне 150 текше метр су Шығыс Мақаттағы 400 текше метрлік қазанға жиналады. Бұл – техникалық су. Техникалық су мұнай дайындау процесінде пайдаланылады. Нақтыласам, өндірілген мұнай осы су арқылы құрамындағы қоспалардан тазартылып, тұзсыздандырылады.

2009 жылы Мақат кенті мен Шығыс Мақат аралығында 10 шақырымдық құбыр тартылып, өндіріске қажетті суды «Атырау су арнасы» мекемесінен алып келген болатынбыз. Бұл жерде біз өндірістік қажеттіліктерімізге таза ауызсуды пайдаланып келдік. Ауыз суды ысырапқа салмау үшін, Солтүстік Қотыртас пен Шығыс Мақат аралығында су коллектор құрылысын бастау мәселесі туындады. Мұнай дайындау процессінде пайдаланылған су жерасты қысымды сақтау үшін қайтадан қойнауқатқа айдалады.

- Сұхбатыңызға рахмет. Кәсіби мереке құтты болсын!

Экологиялық қауіпсіздікті сақтау - өзекті



Прорва кен орындарын игеру тобының өндірістік басқармасының қоршаған ортаны қорғау инженері қызметінде 2 жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Әрине, осы аз ғана мерзімнің өзінде Компания тарапынан қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, экологиялық қауіпсіздікті

арттыру және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінетіндігі байқалды. Соның дәлелі ретінде өндірісте экологияны жақсартуға бағытталған жұмыстарды қысқаша атап өткім келеді.

Қазіргі таңда, Прорва кен алаңдары НСВ ұңғымалары сынамалап пайдалану кезіндегі және ілеспе газды кешенді пайдалану қондырғысында техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде шикі газды факектерге жағу, көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы уәкілетті органның рұқсаттары негізінде жүзеге асырылуда.

«Каспий самалы» вахталық қалашығында тұрмыстық мұқтаждықтарда пайдаланылған сарқынды суларды тазалау мақсатында БЛОС-250 қондырғысының 2018 жылдың басында іске қосылуы, экологияға оң әсерін тигізуде. Қондырғының тәулігіне 250 м3 сарқынды суды тазалауға мүмкіндігі

бар. Тазаланған су кәдеге жаратылып, әлеуметтік және өндірістік нысандарындағы жасыл алаңдарды суару үшін қолданылады.

Бұдан басқа, Компаниямыздың мұнаймен тарихи ластанған жерлерді биоремедиация әдісімен рекультивациялау жұмыстарының жүргізуі, суға кеткен ұңғыларға мониторинг жүргізу, өндірістегі темір құбырларды әйнек-талшық құбырларға (СВТ) ауыстыру, радиоактивті металлдарды, өндіріс қалдықтарын мердігер мекемелердің күшімен қайта өңдеу, жою жұмыстарын жүргізу, өндірістік-экологиялық мониторинг өткізу секілді жұмыстары қоршаған ортаны қорғауға өз септігін тигізуде.

Келешекте, үкімет тарапынан жаңа Экологиялық кодексті енгізгелі тұрғандығы бәріне мәлім. Жаңа кодекс 1-0 санатты кәсіпорындарда автоматтандырылған жүйелерді міндетті түрде орнатуды қарастырады. Осындай датчиктер кәсіпорындарда зиянды шығарындылардың көлемін онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2025 жылдан бастап «бірінші санаттағы» ірі нысандарға кешенді экологиялық рұқсаттар (КЭР) қолданылады және қоршаған ортаға шығарындыларды азайтуға бағытталған ең жақсы қолжетімді технологиялардың (ЕҚТ) тетігі енгізіледі.

Жыл сайын экологиялық қауіпсіздік мәселелерін сақтау өзекті бола түсуде. Осыған орай, Компаниямыз алда тұрған міндеттерді абыроймен орындай алатынына сенім білдіремін.

Асылбек ТЫНЫШТЫҚОВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері.

Мой девиз: «Не будь безразличным»

Сначала немножко о себе. В 2007-2013 гг. окончила Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир-хана по специальности «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды». Осознанно выбрала эту специальность, потому что люблю природу – нашу землю, животных и растительный мир, чистое небо. Все мое детство прошло по соседству с рекой, и мы с соседями на частых субботниках убрали прибрежную территорию и объясняли подрастающему поколению о важности бережного отношения к природе.

Свою трудовую деятельность начала инженером-экологом в 2012 году. В АО «Эмбаунагаз» пришла в 2019 г., работаю инженером по охране окружающей среды 1 категории отдела охраны окружающей среды департамента охраны труда и окружающей среды. Я прилагаю все усилия, чтобы внести свой вклад в обеспечение экологической безопасности и поддержания экосистем на всех объектах производства нашей компании. За время своей работы освоила новые формы экологической отчетности корпоративной информационной системы управления данными, изучила стратегический проект «Рациональное использование водных ресурсов», целью создания

которого является создание системы эффективного использования водных ресурсов для комплексного Планирования, управления, рационального использования водных ресурсов и уменьшения нега-



тивного воздействия на окружающую среду. И я благодарна, что мне на жизненном пути встречаются руководители – профессионалы своего дела, у которых училась и учусь по сей день. Мой девиз: «Не будь безразличным. Каждый может бросить, но не каждый сможет преодолеть»!

Инжу АЙМАГАМБЕТОВА,
инженер по охране окружающей среды
1 категории департамента охраны труда и окружающей среды.

Они не терпели несправедливость

За всю свою почти столетнюю историю, нефтяная Эмба пережила все исторические вехи становления независимого Казахстана. Одной из самых печальных страниц в истории страны стали репрессии 1937-1938 гг., унесшие миллионы невинных жизней и сломавшие столько же судеб их родных и близких. Один из безвинно пострадавших - Бахтияр Абрахманович Абрахманов, долгие годы стоявший у руля экономической службы ПО «Казахстаннефть», в которое в 1945 г. был преобразован трест «Эмбанефть». Б.Абдрахманов – видный эмбаец, в те годы один из инициаторов использования попутного газа промысла Кульсары для отопления поселка и ТЭЦ. В непростые послевоенные годы он отмечал неэкономичность и изолированность Гурьевской энергосистемы и ратовал за строительство электросетей, которые помогли бы ей бы ей соединиться в кольцо с соседними энергосистемами, а также добивался выделения средств для строительства водопровода Атырау - Аккистау. Со своими детскими воспоминаниями об аресте отца и трагичных судьбах руководителей нефтяной Эмбы с нами поделилась его дочь, тоже бывшая сотрудница ЭМГ на пенсии, Абдрахманова Шол Бахтияровна.



- В 1937 году, мы жили на промысле Искине, в хорошей квартире. Помню, что ночью пришли трое мужчин в черных плащах – накидках и в кожаных черных перчатках. Я была маленькая и от испуга держалась за мамин подол, ничего не понимая. Отец оделся и его увели. Помню, как мы ехали в вагонах с низкими бортами. Потом уже узнала, что в таких вагонах возят щебень и песок. После приезда в Гурьев, нас приютила семья дяди. Ярko осталось в памяти, как мама во дворе собирая сено в стог, нашла куриное яйцо, которым потом накормила меня.

После возвращения, отец рассказывал, как допрашивали арестованных, пытали, но конкретных обвинений предъявить не могли. На допросах убеждали подследственных, что они японские шпионы и требовали признаний. Так и моего отца, выросшего в сельской местности, имевшего на тот момент только начальное образование и не выезжавшего никуда дальше Гурьева, объявили шпионом и врагом народа. Вместе с ним в заключении находились руководитель объединения «Эмбанефть» Гутин и начальник планово-экономического отдела С.Ф.Горкин. Ранее, в молодые годы, Гутин был истинным революцио-

нером, в годы Гражданской войны служил в Красной Армии и по рассказам отца, был настоящим патриотом своей страны. Поэтому обвинение в шпионаже было настолько нелепым, что он не выдержав пыток, выбросился из окна Гурьевской тюрьмы и погиб, успев крикнуть, что он честный большевик и не может терпеть несправедливость!, - вспоминает Ш.Абрахманова.

К сведению читателей «Ембі тынысы», руководитель «Эмбанефти» С.А.Гутин родился в г. Могилеве. С июля 1937 г. - управляющий трестом «Эмбанефть». О четвертом по счету руководителе в Эмбе помнят, как о человеке, который в те трудные годы стремился решить бытовые проблемы тогдашних нефтяников. На тот момент объем подготовленных запасов нефти составлял уже более 30 млн. тонн. Люди приходили в эти края всерьез и надолго. Они нуждались в жилье, больницах, школах и детских садах. Отсутствие на промыслах питьевой воды требовало прокладки водопровода. С «трудными» вопросами Гутин направляется в Москву к наркому тяжелой промышленности и одновременно заместителю председателя Совнаркома СССР Л.М.Кагановичу. Как утверждали позже очевидцы, в ходе долгого и трудного разговора удалось убедить наркома пойти навстречу казахстанским нефтяникам. Но самое главное, что решили С.А. Гутин и его товарищи во время московской встречи, состоявшейся в 1938 г., так это вопрос строительства в Гурьеве нефтеперерабатывающего завода. К сожалению, воплощать намеченные планы Семёну Абелевичу Гутину было не суждено. 10 июня 1938 года по ложному обвинению он был арестован сотрудниками управления НКВД по Гурьевской области. Из книги А. Антонова-Овсеенко «Берия» (2007): «Семен Гутин, председатель профсоюза горняков Азербайджана, стал здесь управляющим треста «Эмбанефть». Его арестовали и бросили в яму-щель, где места и для одного было мало. Однако следователи кидали туда прямо на головы новых узников. Гутин жестоко пытали и однажды, когда его выволокли на очередной допрос, он выбросился из окна...».

- Мой отец, Бахтияр Абдрахманов после освобождения тоже вновь вернулся к работе на нефтепромысел Искине, на прежнюю должность. За год с лишним своего пребывания в заключении он полностью поседел, сильно пошатнулось здоровье. Мы всей семьей, а особенно дети – нас в то время было семеро, радовались его возвращению. В 1988 г. отец написал письмо в Верховный суд Республики о своем необоснованном аресте в 1938 г., после чего был полностью реабилитирован.

Ш.Абрахманова, тоже посвятила свою жизнь служению нашей компании. Трудовую биографию начала в цехе подземного ремонта на м/р Доссор. До выхода на пенсию Ш. Абрахманова проработала в системе Южного нефтепровода и «Эмбанефти»..

Балалардың жазғы демалысын қалай ұйымдастырған тиімді?



Кезекті оқу жылы аяқталып, балалар жазғы демалысқа шықты. Сәйкесінше, балаларды демалыс лагерьлерімен қамту мәселесі де күн тәртібіне шығып отыр. Осы орайда, лагерь деп алып-ұшып келген балалардың көңілінен шығатын лайықты да мазмұнды демалыс ұйымдастырыла ма өңірде? Елді алаңдатқан ахуал салдары бүлдіршіндердің демалысына қаншалықты қиыншылық тудырмақ?

Атырау облысында 1-10 сыныпты бітіріп, жазғы демалысқа шыққан 137 300 бала болса, оның 10 400 аз қамтылған отбасынан шыққан бүлдіршіндер екен. Атырау облыстық білім беру департаменті директорының міндетін атқарушы Ақкенже Аяпбергенқызының айтуынша жыл сайын жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізіледі.

- Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінен Тұжырымдама келді.

Атырау облысы мемлекетік Бас санитарлық дәрігердің қаулысымын лагерьлердің қызметін бастау туралы тапсырманы күтеміз. 29 мамырдағы №49 қаулысына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының қызметіне 15 балаға дейін бала қа-былдауға рұқсат берілген. Қазір облыстың қосымша білім беру ұйымдары осы тәртіпке сәйкес жұмыстарын бастады. Пандемия жағдайында оқушылардың барлығы үйлерінде. Сол жағдайға байланысты, оқушылардың демалысын ұйымдастырудың жаңа форматы – қашықтықтан лагерь қызметін өткізу жобасы іске асыру жоспарлануда, - дейді ол.

Бұл - бір өңірге ғана емес, барша еліміздегі балалар демалысын ұйымдастырушыларға ортақ мәселе. Қалыптасқан жүйені жаңғыртып, балалар демалысын заманауи деңгейде, естен кетпестей қызықты әрі тағылымды етіп өткізудің жолдарын қарастыру бағытында облысымызда да бірқатар жұмыстар ұйымдастырылуда.

Арнайы жұмысшы тобы құрылып, 4 тоқсандағы қашықтықтан жүргізілген оқу-тәрбие процесінің тәжірибесіне сүйене отырып, «Атырау – Жаз-2020» қашықтықтан лагерьдің қызметі басталды. Әлеуметтік желіде «Atyrau-Zhaz-2020» Инстаграм парақшасы ашылған. Ол

жерде демалыс ережесі мен жұмыс кестесі толық көрсетілген.

Карантин аяқталғанда өңірде жұмыс қалай ұйымдастырылады? Қалыпты жағдайға келгенде жазғы демалыс облыс әкімінің өкіміне сәйкес жүргізіледі.

Облыс бойынша 4 қала сыртындағы лагерь бар. Қазір оның 3-уіне «Тұлпар» (Атырау), «Жас өркен» (Индер ауданы), «Қазақстан геологі» (Железноводск қаласы) лагерьлерінің ағымдағы жөндеулері бойынша тендерлік конкурспен жеңімпаздар анықталып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Арай» лагерьінің (Махамбет ауданы) өткен жылдары басталған күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталуы шілде айының басына жоспарланған.

Мектеп жанында 171 тамақтандыратын лагерьдің, бұдан басқа 703 түрлі бос уақытын тиімді қамту мақсатында ұйымдастырылатын лагерьлер (163 тамақтандырусыз, 165 бейіндік, 141 дебаттық, 148 тілдік, 86 IT лагерьлер) қызметін ұйымдастыру жоспарда бар.

Әлбетте, демалысты ұйымдастырудың жолдары көп. Лагерьге баруды жөн көрмейтін жоғары сынып оқушыларына төмендегі кесті пайдалануларына болады.

1. Өзіңіз ұнататын іспен айналысыңыз. Өміріміздегі жетістіктердің жартысынан астамы сүйікті істерімізбен айналысудың арқасында. Қызығушылықтарына (хобби) аз уақыт бөліп, жұмыстарына үнемі шағымданып жататын адамдар аз емес. Сондықтан, сіздің табыс көзіңіз бен сүйікті ісіңіздің арасында байланыс болғаны дұрыс.

2. Жоспарыңыздың орындалуын тездетіп істермен ғана айналысыңыз. Күнделікті жұмыстардың ішінен пайдасыз істерді алып тастаңыз.

3. «Бүгін және дәл қазір қандай жұмыстар маған пайда әкеледі?» Осы сұрақты өз-өзіңізге әрдайым қойып жүрген абзал.

4. Қазірден нақты жоспар құрып, сол жоспарларды орындау жолында жұмыс істей бастаған жөн.

5. Жаз айларында не жасау ойыңызда бар? Соған бағыттап жоспар құрыңыз. Сонымен қатар, жоспарлар мен мақсаттарыңыздың тізімін жазып, түртіп отыратын қойын дәптердің болғаны дұрыс.

Балаңызға уақытын тиімді пайдалануын, бір жағынан қызықты демалыс сыйлағыңыз келе ме? Бала сергіп, бой жазып, жаңа оқу жылына жаңа серпінмен, жаңа тыныспен баруы үшін сіздің, яғни, ата-ананың басты қолдауы ауадай қажет.

Ескерту: Жаз мезгілін қалай өткізуді жоспарласаңыз да, вирусқа қарсы сақтық шараларын мұқият орындағаныңыз дұрыс!

(Сурет ЕМГ мұрағатынан алынды).

Мектеп бітіру кешін қайырымдылық шарасымен алмастырдық



Биыл біз үшін ерекше жыл. Білім нәрімен сусындатқан ал-тын ұя мектебімізбен қоштасамыз.

Әрбір түлектің асыға күтетін шарасы мектеп бітіру кешін ұйымдастыру екені рас. Алайда, біз, Исатай ауданының орталығы Аққыстау ауылындағы Абай атындағы орта мектептің биылғы бітірушілері өз еркімізбен осы шарадан бас тарттық. Елде орын алған қиын жағдайды түсіндік. Әлемді үрей құшағында ұстаған пандемия әсері баршаға ауыр тиді, әсіресе, қарттар қатты жапа шекті десем артық айтқандық болмас.

Қайырымдылық жасау, мұқтаж жандарға қол ұшын созу – халқымыздың қанына сіңген игі қасиеттің бірі. «Көмекке зәру жандарға мейрімді бол» деген өнегемен өскен саналы ұрпақпыз ғой. Менің анам Ақмарал Усалиева «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында ұзақ жылдардан бері еңбек етіп келеді. Ол ылғи да менімен әңгімесінде: «Балам,



«бүгін бармын, тоқпын» деп астамшылыққа барма, қолыңнан келгенше өзге жандарға қайырымды бол» деп кеңесін беріп отырады. Оның үстіне анам Ақмарал - мен оқитын мектепте ата-аналар комитетінің төрайымы.

Үнемі балалармен бірге игілікті шараларды ұйымдастыруда белсенділік көрсетіп жүреді.

Биыл мектеп бітіру кешін ұйымдастыруға жиналған қаражатты ата-аналар комитеті мен сынып жетекшісі Бақытова Қалжан Ғимиденқызымен ақылдаса отырып, Аққыстау ауылындағы жалғыз ілікті қария Наташа әжейге көмектесуге жұмсауды ұйғардық. Бұл шешімімізді естіген ата-аналарымыз, ұстаздарымыз риза болды.

Сөйтіп, аққыстаулық Наташа әжейдің баспанасын жинап, бөлмелерін әктеп-сырлап, ауласын жөндеп, ағаш отырғызып, біраз уақытқа жететін азық-түлігін жеткізіп бердік.

Бұдан өзге өзіміздің балалық шағымыз өткен Абай орта мектебінің ауласына жеміс-жидек көшеттерін отырғыздық. Бұл – биылғы мектеп түлектерінің білім ордасына жасаған естелігі.

Өмірімізде әлі талай басқосулар болар, сан мәрте кештер ұйымдастырармыз. Балалық шағымыздың белгісі - мектебімізге келгенде осы жеміс ағаштарының баурайында бас қосармыз деген оймен осындай үлкен істі қолға алдық.

Абзал СЕРИКОВ,
Абай орта мектебінің түлегі.
Аққыстау ауылы.



А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmger.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Ә.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.